

«Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы қызметінің нәтижелері және даму перспективалары» бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«27» наурыз 2025ж.

Ғылыми кеңесте «Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы қызметінің нәтижелері және даму перспективалары» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы келесі бес бағыт бойынша жұмыс атқарады:

1) Біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша білім беру процесін ұйымдастыру;

2) Тілдік даярлық бағдарламалары бойынша оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру;

3) Педагог кадрларды қайта даярлау курстарын ұйымдастыру және өткізу;

4) Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді оқытуды ұйымдастыру;

5) Аға буын адамдардың оқуға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша жағдай жасау.

Орталық осы уақытта 11 біліктілікті арттыру курстарын және 2 оқыту семинарларын ұйымдастырып, өткізді, онда 227 тыңдаушы оқыды.

Тілдік даярлық бағдарламалары бойынша 165 тыңдаушы оқыды, оның ішінде 30 оқытушы мен қызметкерлер және 135 білім алушы.

Педагогикалық қайта даярлау курстарында 9 тыңдаушы білім алуда.

2020-2021 оқу жылында біздің университетте «Асыл қазына университеті» жобасы іске қосылды. Бұл жобаның негізгі идеясы аға буын адамдардың білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Орталық осы "Университеттің" жұмыс істеу тұжырымдамасын әзірледі, факультеттермен бірлесе отырып, тақырыптар жасалып, білім беру бағдарламалары әзірленді. Биылғы оқу жылының бірінші жартыжылдығында осы жоба аясында «Тоғыз-құмалақ ойын ережелерін үйрену», «Искусственный интеллект в образовательном процессе» атты жаңа бағдарламалар әзірленіп, іске асырылды. Осы бағдарламалар бойынша университеттің 29 оқытушысы оқыды.

Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы 2024-2025 оқу жылы (1 қыркүйектен осы күнге дейін) 430 тыңдаушыға арналған 22 бағдарлама (10 біліктілікті арттыру, 5 педагогикалық қайта даярлау, 5 тілдік дайындық, 2 «Асыл қазына университеті» жобасының бағдарламалары) бойынша 38 курс ұйымдастырып, өткізді.

Орталық студенттердің әмбебап құзыреттіліктерін дамыту мақсатында олар үшін бірнеше бағдарлама әзірлеу және іске асыру бойынша жұмыстар ұйымдастыруда. Бұл жас мамандарға еңбек нарығына барынша сұранысқа ие және бейімделген болып шығуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта ұлттық және әлемдік деңгейдегі жоғары білім берудегі жаңа тақырып микроквалификация болып табылады. Соған байланысты орталықта микроквалификация бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Орталық келесі оқу жылында негізгі бес бағыт бойынша жұмыстарды жалғастырады. Сонымен қатар, аға буын адамдарды оқыту үшін іске асырылатын бағдарламалар санын ұлғайту; студенттерге арналған «жұмсақ дағдыларын» қалыптастыратын қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру; компаниялармен және бизнеспен әріптестікте қысқа мерзімді курстарды ұйымдастыру және өткізу; педагогикалық қайта даярлау бағдарламалары бойынша оқу процесін сүйемелдеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу; мкроквалификация бағдарламаларын әзірлеп іске асыру жоспарланып отыр.

«Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы қызметінің нәтижелері және даму перспективалары» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. «Асыл қазына университеті» жобасы бойынша әзірленген бағдарламалардың тыңдаушылар саны арттырылсын (**жауапты:** Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы; **орындалу мерзімі:** 01.07.2025 ж. дейін).

2. Педагогтарды қайта даярлау бойынша оқу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдар кешені әзірленсін (**жауапты:** Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі; **орындалу мерзімі:** 01.09.2025 ж. дейін).

3. Еңбек нарығы мен білім алушылардың қажеттіліктерін зерттеу арқылы заманауи талаптарға сай микроквалификация бағдарламалары әзірленсін және іске асырылсын (**жауаптылар:** Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент; **орындалу мерзімі:** 01.12.2025 ж. дейін).

4. Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығының қызметі бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат тарату жұмыстары жандандырылсын (**жауаптылар:** Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы, Байланыс және имидждік саясат орталығы; **орындалу мерзімі:** жыл бойы).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шүкенай

Ғ.Орманов атындағы университет кітапханасы жұмысының есебі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«27» наурыз 2025 ж.

Ғылыми кеңесте «Ғ.Орманов атындағы университет кітапханасының жұмысы туралы» есеп тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- кітапхана білімгерлерге, магистранттарға, докторанттарға, профессор-оқытушылар құрамына, ғылыми қызметкерлердің ақпараттық сұраныстарына сәйкес кітап және электрондық қорларға кеңінен қол жеткізу негізінде толық және жедел кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетеді;

- кітапхана жұмысын автоматтандыру мақсатында «Smart Zhetysu» сандық платформасына біріктірілуге арналған «Кітапханалық электронды бағдарлама» әзірленген;

- кітапхана жұмысын жетілдіру мақсатында университет сайтындағы кітапхана парақшасы Brand book дизайнына сәйкес өзгертілді;

- «ЖУ кітапхана қоры» электронды базасына жыл бойы кітаптар енгізіледі;

- Білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету бойынша әрбір факультетке жауапты кітапханашылар бекітілген және олар оқытушылармен бірлесе жұмыс істейді.

Ғ.Орманов атындағы университет кітапханасы жұмысының есебі бойынша
Ғылыми кеңес шешімі:

1. Кітапхана қорын цифрландыру бойынша жұмыстар жалғастырылып, электронды кітапхана толықтырылсын (**жауаптылар:** Кітапхана директоры, кітапханашылар; **орындалу мерзімі:** жыл бойы).

2. Кітапхананың ақпараттық қолжетімділігін арттыру мақсатында университет сайтындағы кітапхана парақшасы үнемі жаңартылсын (**жауаптылар:** Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімі, кітапхана директоры; **орындалу мерзімі:** жыл бойы)

3. Жыл бойы кітаппен қамтамасыз ету кестесі бойынша мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес кітап қоры толықтырылсын (**жауаптылар:** Мемлекеттік сатып алу бөлімі, кафедра меңгерушілері, кітапхана директоры; **орындалу мерзімі:** жыл бойы).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор А.Бахтауловаға жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шүкенай

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Басқармасы бекітуі үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС-қа сәйкес білім беру бағдарламаларын қарастыру» бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

27 наурыз 2025ж.

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Басқармасы бекітуі үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС-қа сәйкес білім беру бағдарламаларын қарастыру» бойынша ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Академиялық комитеттер университеттегі барлық білім беру бағдарламаларын және элективті пәндердің каталогтарын жаңартты. Барлығы 109 білім беру бағдарламалары әзірленді.

- 2025 жылы 5 жаңа білім беру бағдарламасы әзірленді: 6B06105 – «Жасанды интеллект инжинирингі»; 7M04112 – «Экономика және басқару»; 7M01511 – «Биология» (қос диплом), ЖЖОКБҰ – серіктес University of Žilina; 7M04204 – «Құқықтану» (бірлескен ББ – ЖЖОКБҰ – серіктес Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті); 8D04105 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (PhD).

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Басқармасы бекітуі үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС-қа сәйкес білім беру бағдарламаларын қарастыру» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Ғылыми кеңесте қарастырылған білім беру бағдарламалары «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Басқармасының бекітуіне ұсынылсын (**жауаптылар:** Білім беру бағдарламаларының жобалық офисі, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 08.04.2025ж.).

2. Білім беру бағдарламалары бойынша элективті пәндердің каталогтары бекітілсін (**жауаптылар:** Білім беру бағдарламаларының жобалық офисі, кафедра меңгерушілері).

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламалары жаңартылсын және 5 жаңа білім беру бағдарламасы енгізілсін (**жауаптылар:** Білім беру бағдарламаларының жобалық офисі, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 01.08. 2025ж.).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Г.Кыдырбаеваға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шүкенай

«Гуманитарлық факультеттің есебі» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«27» наурыз 2025 ж.

Ғылыми кеңесте «Гуманитарлық факультеттің есебі» тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- гуманитарлық факультетте бакалавриат бойынша 14, магистратура бойынша 3 және докторантура бойынша 1 білім беру бағдарламасы бар. Білім беру бағдарламаларын оқытуды «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілдері және аударма ісі», «Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер», «Журналистика» кафедралары қамтамасыз етеді.

- есептік кезеңде факультеттің профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежесінің көрсеткіші - 49,2%.

- факультет жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатқан, кәсіби білімді еңбек нарығына, талаптарына сай меңгерту үшін оқу үдерісіне 13 жұмыс беруші және практик-маман тартылған.

- 2024-2025 оқу жылында ішкі академиялық ұтқырлық аясында 2 отандық ғалым дәріс және практикалық сабақтар өткізсе, сыртқы академиялық ұтқырлық аясында 3 шетелдік ғалым шақырылған.

- 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында факультеттің 11 білім алушысы сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша Польша, Түркия және Корея елдерінде білім алды. Екінші жартыжылдығында «Шетел тілі: екі шетел тілі» ББ-ның 6 білім алушысы Түркия Республикасы Анкара қаласындағы Хаджеттепе университетінде, 1 білім алушы Нийде Омер Халисдемир университетінде білім алып жатыр.

- факультеттің дарынды студенттерін, магистранттары мен жас ғалымдарын ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметке тарту және оларды қазіргі ғылымның өзекті мәселелерін шешуге тарту мақсатында 10 ғылыми үйірме мен проблемалық топтар жұмыс жасайды. Факультет студенттері халықаралық, республикалық және аймақтық конференцияларға белсенді қатысады.

- факультетте 1 ғылыми жоба ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру аясында іске асырылады. Сондай-ақ ҚР ҒЖБМ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған 2 ғылыми жобаға факультеттің 4 оқытушысы қатысады. 2 ғылыми жоба Халықаралық және бірлескен гранттық бағдарламалар, стипендиялар аясында жүзеге асырылады. 2025-2027 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруға арналған конкурстарға 10 өтінім берілген. Сонымен қатар, факультетте «Жас ғалым» жобасы аясында 1 жоба орындалуда. 2026-2028 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми-зерттеу жұмысына арналған №80 техникалық тапсырма әзірленді.

- 2025 жылы Болашақ бағдарламасы аясында «500 ғалым» жобасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуге 3 өтінім берілді.

- гуманитарлық факультет бойынша тәрбие жұмыстарының жоспары университеттің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес құрылып, бекітілген, соған сәйкес іске асырылуда.

«Гуманитарлық факультеттің есебі» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Факультеттегі білім беру бағдарламаларының «Атамекен» ҰКП рейтингісі қоятын талаптарға сәйкес көрсеткіштерін арттыру бойынша жұмыстар жандандырылсын (**жауаптылар:** факультет деканы, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** жыл бойы).

2. ҚР ҒЖЖБМ қаржыландыратын ғылыми жобалар конкурсына ұсынылатын жобалар саны арттырылсын (**жауаптылар:** декан; деканның ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

3. Факультеттің ПОҚ және докторанттарының ғылыми жұмысын дамыту мақсатында халықаралық рецензияланатын (Web of Science, Scopus) журналдарда мақала жариялау саны арттырылсын (**жауаптылар:** деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, профессор-оқытушылар құрамы; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025ж.).

4. Шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында докторантураны аяқтаған оқытушылардың докторлық диссертацияларын қорғауы қатаң қадағалауға алынсын (**жауаптылар:** факультет деканы, кафедра меңгерушілері, ғылыми кеңесшілері; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025 ж.).

5. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша профессор-оқытушылар құрамын ҚР ЖОО-ларына дәріс оқуға жіберу жұмыстары жандандырылсын (**жауаптылар:** факультет деканы, кафедра меңгерушілері, халықаралық ынтымақтастық орталығының мамандары; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

6. Білім алушылардың ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуын арттыру бойынша жұмыстар жүргізілсін (**жауаптылар:** кафедра меңгерушілері, эдвайзерлер, халықаралық ынтымақтастық орталығының мамандары; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау гуманитарлық факультет деканының м.а. Е.Булановқа жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г.Т. Шүкенай